Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 30 сәуір №4712-24-00-2/1236 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысының білім басқармасының «Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған №1 арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Кушенова Балзира Сексеновна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Маңғыстау облысының білім басқармасының «Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған №1 арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер Кушенова Балзира Сексеновна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы–қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Кушенова Балзира Сексеновнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Кушенова Балзира Сексеновнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Документ подписан: Борашева А. А., 06.05.2024

Дата вступления в законную силу: 14.06.2024, судья Борашева А. А., 15.06.2024

4712-24-3-1/1063